

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне самырсын жаңғақтарына қатысты, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 11 тамыздағы № 95 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына және Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан қосалқы кіші позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына қосалқы кіші позиция енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге рұқсат беру тәртібі белгіленген тауарларға қатысты 2.6-бөлімнің 2.1. тармақшасындағы (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне № 2 қосымша) ЕАЭО СЭҚ ТН "0802 90 500 0" коды ЕАЭО СЭҚ ТН "0802 90 500 1, 0802 90 500 2, 0802 90 500 3, 0802 90 500 8, 0802 90 500 9" кодтарымен ауыстырылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2020 жылғы 11 тамыздағы  
№ 95 шешіміне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын ҚОСАЛҚЫ КІШІ ПОЗИЦИЯ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өлш. бірлігі
0802 90 500 0	— — самырсын жаңғақтары ( <i>Pinus spp.</i> )	—

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының  
2020 жылғы 11 тамыздағы  
№ 95 шешіміне  
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін ҚОСАЛҚЫ КІШІ ПОЗИЦИЯ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өлш. бірлігі
0802 90 500	— — самырсын жаңғақтары ( <i>Pinus spp.</i> ):	
	— — — бүршікте:	
0802 90 500 1	— — — — сібір қарағайлары ( <i>Pinus sibirica Du Tour</i> )	—
0802 90 500 2	— — — — корей қарағайлары ( <i>Pinus koraiensis Sieb. Et Zucc.</i> )	—
0802 90 500 3	— — — — басқа	—
0802 90 500 8	— — — қабығымен	—
0802 90 500 9	— — — қабығынан аршылған	—

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының  
2020 жылғы 11 тамыздағы  
№ 95 шешіміне  
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкалары (кедендік құннан пайызбен не еуроға, не АҚШ долларында)
0802 90 500 1	— — — — сібір қарағайлары ( <i>Pinus sibirica Du Tour</i> )	5
0802 90 500 2	— — — — корей қарағайлары ( <i>Pinus koraiensis Sieb. Et Zucc.</i> )	5
0802 90 500 3	— — — — басқа	5
0802 90 500 8	— — — қабығымен	5
0802 90 500 9	— — — қабығынан аршылған	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК